

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын броннан шығару туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 наурыздағы № 227 қаулысы

Ақтөбе және Қостанай облыстарындағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайдың салдарын жою жөніндегі бірінші кезектегі жұмыстарды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік материалдық резервтен Ақтөбе облысы үшін 2 дана автогрейдер және 2 дана шнекороторлы қар тазалағыш, Қостанай облысы үшін 3 дана автогрейдер және 3 дана шнекороторлы қар тазалағыш броннан шығарылсын.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар және Қаржы министрліктері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі С. Ахметов